

Мұхит суының қозғалысы.



Ауа райы тынық кезде теңіздің беті тып-тыныш, шайқалғаны болар-болмас қана білінеді. Жел соға бастағанда, теңіз үстінде толқын көтеріледі. Толқынның көлденең қимасынан оның пішінін көруге болады. Тынық су беті деңгейінен жоғары көтерілген толқынның ең биік бөлігі толқынның **қыры немесе жалы** деп аталады. Су бетінің деңгейінен ең төмен жатқан бөлігін толқынның **табаны** деп атайды. Толқын ұзындығы мен биіктігі арқылы сипатталады. Толқынның **ұзындығы** дегеніміз – көршілес екі толқын қырларының арасындағы арақашықтық. Толқынның **биіктігі** – оның табанынан қырына дейінгі қашықтық. Мұхиттың орасан зор кеңістігінде толқын аса биікке көтеріледі. Ең күшті дауылдарда толқын 10-15 м биіктікке жетеді.

Пайдаланған оқулықтар:

1. Бірмағамбетов Ә. Физикалық география Алматы «Атамұра» 2015
2. <http://geographyofrussia.com/prilivy-i-otlivy/>